



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

21.01.2016 г.

Қостанай қаласы

№

41

город Костанай

**Банкроттық басқарушысын
тағайындау туралы**

«Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 07 наурыздағы №176-V Заңының 15-бабының 2) тармақшасына сәйкес, «ТПК Костанай Цемент» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін (бұдан әрі - ЖШС) банкрот деп тану туралы 2015 жылғы 10 желтоқсандағы Қостанай облысының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының шешімі және 2016 жылғы 05 қаңтардағы «ТПК Костанай Цемент» ЖШС-ның кредиторлар жиналысының хаттамасының негізінде, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Айгуль Кайргельдиновна Мустафина «ТПК Костанай Цемент» ЖШС-ның (БСН 080340003277) банкроттық басқарушысы болып тағайындалсын.

2. «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 07 наурыздағы №176-V Заңының талаптарына сәйкес А.К. Мустафинаға банкроттық басқарушысының міндеттерін атқару жүктелсін.

3. Банкроттық басқарушы А.К. Мустафина «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 07 наурыздағы №176-V Заңының талаптарының орындалуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Департамент басшысының
міндетін атқарушы



С. Ахметов

005064